6-тақырып. Білім берудің мазмұны. Білім берудің мемлекеттік стандарты.

Жоспары:

1. Білім беру мазмұны туралы түсінік.
2. Қазіргі дәуірде білім беру мазмұны анықтамасының басты идеялары.
3. Жалпы орта және орта арнаулы білім берудің мазмұнын қалыптастыру принциптері мен білім беру мазмұнын таңдап алу критерийлері.
4. Білім берудің мазмұнын белгілейтін құжаттар.
5. Білім берудің мемлекеттік стандарты.

Негізгі оқулық және оқу құралдары:

1. Баркамол авлод – Ўзбекистон тараққиётининг пойдевори. –Т.: «Шарқ», 1997.
2. Каримов И.А. Юксак маънавият – енгилмас куч. –Т.: «Маънавият», 2008. -176 б.
3. Pedagogika nazariyasi. (Prof.M.X.Toxtaxodjaevaning umumiu tahriri ostida). –T., «O'zbekiston faulasuflar milliu jamiyati». 2010 йил
4. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. –М., 1996.
5. Қалдыбекова А.С. Жалпы педагогика теориясы және практикасы. 1-бөлім. Педагогика теориясы – Т.: Низомий номидаги ТДПУ, 2013.
6. Лихачев Б.Т. Педагогика – М.: «Юрайт», 1999.
7. Общая педагогика. Под ред. В.А.Сластенина. В 2 ч. Ч. 2. – Москва, «ВЛАДОС», 2003.
8. Педагогика /Под ред. П.И.Пидкасистого/ – М., 2003.
9. Сағындықұлы Е. Педагогика. –Алматы, 1999.
10. Харламов И.Ф. Педагогика – М., Гардарики, 2003.

Білім мазмұнын анықтау – бұл неге үйрету, нені оқыту мақсатын анықтап алу деген сөз.

Білім мазмұны – ғылыми білім, іскерлік және дағдының жүйесі. Сондықтан білімнің мазмұны оқыту процесі компоненттерінің бірі болады. Сол жүйенің негізінде оқушылардың ақыл-ойы, қабілеті дамып, дүниетанымы, мінез-құлқы қалыптасады.

Білім берудің мазмұны, ең алдымен, қоғамның мектеп алдына қоятын мақсаттары және міндеттерімен анықталады. Сондай-ақ, дидактикалық талаптар да ескеріледі, себебі соның негізінде ғана қай жаста, қандай көлемде, қандай пәндерді оқуға болатындығы дұрыс шешіледі. **Білім берудің мазмұны деп белгілі бір оқу орнындағы үйренілетін білімдер мен іскерліктердің жүйесіне айтылады.**

Білім берудің мазмұнының қайнар көзі – адамзаттың материалдық және рухани мәдениетінде көрініс тапқан әлеуметтік тәжірибесі. Әрбір дәуір мәдениетке жаңа, өзіне ғана тән болған, сол қоғамның қажеттіліктері мен міндеттеріне жауап беретін мазмұнмен толықтырады. Сондықтан қоғам дамуының әртүрлі кезеңінде білім беру мазмұны да әртүрлі болады. Қазіргі заманда

біздің елімізде **жалпы білім берудің мазмұны** деп оқушылардың ақыл-ойын, күш-қуаттарын жан-жақты дамыту, дүниеге ғылыми көзқарастарын қалыптастыру және оларды қоғамдық өмірге, еңбекке дайындауға қажетті негіз болатын **білімдер, іскерліктер** және **дағдылардың** көлемі мен бағытын айтамыз.

Жалпы білім беретін орта мектептерде оқыту мазмұнына қойылатын талап білім беруді дамытудың мемлекетік стратегиясымен анықталады. Бұл стратегия «Кадрларды даярлаудың ұлттық программасында» (1997 ж.) жазылған болып, онда білім беруді түбірімен реформалауды, жоғары дәрежелі кадрларды даярлаудың ұлттық системасын өркендеген мемлекеттер деңгейінде құруды көзде тұтқан.

Білім берудің мазмұны – бұл қоғамның жеке адамды жан-жақты дамытуға қойылған талаптар, қоғамның әлеуметтік тәжірибе және мәдениетін өзінде бейнелейтін әлеуметтік тапсырысының(заказының) моделі.

Әлеуметтік тәжірибе құрамына төмендегі элементтер кіреді:

1) білімдер;
2) қызметті жүзеге асыру тәсілдерінің тәжірибесі;
3) творчестволық қызмет тәжірибесі;
4) болмысқа эмоционал-құндылық қатынаста болу тәжірибесі.

Білім беру мазмұнын анықтаушы негізгі факторлар төмендегілер:

- ғылым, техника, мәдениеттің қоғамда даму дәрежесі;
- білім берудің мақсаты мен міндеттері;
- оқушылардың жас ерекшеліктері;
- оқушы жеке басының қажеттіліктері.

Жалпы орта білім беру мазмұны оқушыларда қоршаған орта туралы жалпы түсініктерін қалыптастыруы, оларды өздерінің практикалық жұмыста-рына қажетті болған білімдерді іздеу және бұл білімдерді өмірде кездесетін проблемаларын шешуге пайдалануды үйретуі керек.

2.

Қазіргі дәуірде біздің республикамызда білім берудің мазмұнын анықтау үшін мына идеяларға сүйенді:

1) гуманизациялау;
2) дифференциялау;
3) интеграциялау;
4) стандарттау;
5) көп басқыштыққа негізделу;
6) іскерлік;
7) ақпараттандыру;
8) жекелеу (индивидуализациялау);
9) үздіксіздік.

Білім берудің мазмұнын гуманизациялау дегеніміз мектептің балаға бет бұруы, яғни баланың жеке басын құрметтеу, олардың қызығушылықтарын ескеру, қабілеттерін ашу және дамыту үшін жағдай жасау т.б. жатады. Сонымен бірге оқушылардың оқу сағатын қысқарту да оларды артықша жұ-

мыс істеуден сақтайды. Гуманизация гуманитарлық және табиғи-математикалық пәндердің үйлесімді ара қатысын, сондай-ақ математикалық, биологиялық, техникалық пәндерді «адам туралы» білімдермен толықтыруды қарастырады. Мұның нәтижесінде оқушы әлемнің ғылыми бейнесін танып білуі, адамның қоғаммен, техникамен өзара байланысын түсінуі керек. Білім берудің мазмұнындағы гуманистік бағыттылық ойлаудың гуманистік типін қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Білім беруді гуманизациялауда ең басты ролді тіл мен әдебиеттік білімдер, рухани-адамгершілік тәрбие, адамтану пәндері атқарады. Себебі бұл пәндер арқылы оқушылар өзін және әлемді танып біледі, өзін-өзі ұйымдастыру және өзінің мінез-құлқын басқару дағдыларын игереді.

Білім берудің мазмұнын дифференциялау –жаңа оқу жоспарын құрудағы екінші жетекші идея. Бұл идея жоғары кластардағы тереңдетілген және кәсіптік оқытуда міндетті болған пәндермен бірге оқушылардың таң-дауына сай қосымша пәндерді енгізуді қарастырады. ***Дифференциялау*** –бұл қазіргі заманда білім беруді дамытудың жалпы тенденциясы. Біздің республикамызда білім беруді дифференциялау мақсатында пәндерді тереңдетіп оқытатын кластар, мектептер ашылуда.

Білім берудің мазмұнын жаңадан істеп шығуда пәндерді **интеграциялау** идеясы аса маңызды болып табылады. Бұл идея бір-біріне жақын болған пәндерді қосып, интегратив пәндерді жаратуды мақсат өтеді. Интегратив пәндер оқушыларға әлемнің тұтас бейнесін беруде үлкен роль ойнайды. Әрі өтілетін сабақтар саны қысқарады.

Мысалы, «Адам және қоғам» мен «Мемлекеттік құқық негіздері» интеграцияланып «Мемлекет және құқық негіздері» деген пәнге айналды.

Білім берудің мазмұнын **стандарттау** – бұл міндетті оқу пәндері жинағының сағаттары анық белгіленген көлемін анықтау. Білім беру стандарты жәрдемінде оқу орындарында оқу жұмыстарының нормативтері үйлестіріледі, оқушылар білімдерін бағалаудың бірыңғай критерийлері істеп шығылады.

Көп басқыштылық – бұл білім берудің әрбір басқышында оқушының мүмкіндік пен қызығулары дәрежесіне жауап бере алатын білім дәрежесіне жету мүмкіндігін беруші көп басқышты білім беру процесін ұйымдастырудан тұрады. Түрлі басқыштардың әр бірінде оқытудың аяқталғандық жағдайы білім берудің сапалы аяқталғаны болып есептеледі.

Іскерлік – оқушыны әлеуметтік қызметке теориялық білімдерді берік меңгерген халде оларды іс жүзінде пайдалана алуға дайындау. Яғни, оқушыда мектептегі оқу барысында-ақ орта арнаулы яки жоғары оқу орындарында берілетін ғылыми-теориялық білімдерді терең және жүйелі меңгеруге мүмкіндік беретін бастапқы дағдыларды тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінеді.

Білім беруді **ақпараттандыру** оқыту процесінде компьютер және ақпарат технологияларынан жаппай және кең пайдаланумен байланысты болады. Соңғы жылдарда оқытуды ақпараттандыру өте кең тарқалды. Себебі заманауи видео-радиотехника және компьютерлерді білім беру системасында пайдалану мүмкіндігінің болуы.

Жекелеу (индивидуализациялау) идеясы оқыту процесінде оқытушы мен оқушының арасындағы өзара қатынастың барлық түрінен пайдалана отырып, олардың индивидуал ерекшеліктерін есепке алу және дамытуды өз ішіне алады.

Үздіксіздік идеясы тез өзгеріп бара жатқан қоғамда адамды әрдайым білім алуға үндейтін процесс мәнін ұғындырады.

3.

Педагогика теориясында жалпы білім беру мазмұнын қалыптастыру принциптері бойынша Л.Н.Боголюбов, Ю.И.Дик, В.В.Краевский, В.С.Леднев, В.А.Поляков, И.П.Подласый және В.А.Сластениндердің еңбектері маңызды деп есептелінеді. Олар білім берудің мазмұны мынадай принциптерге сүйену керек дейді:

1. **Білім беру мазмұны барлық элементтері мен барлық дәрежелерін құрастыруда қоғам, ғылым, мәдениет және жеке адам дамуының талаптарына сай болу принципі.** Бұл принцип жалпы білім беру мазмұнында дәстүрлі қажетті білім, дағды және іскерліктермен бірге социум, ғылыми білім, мәдени өмір дамуының осы күнгі дәрежесі мен жекелей дамудың мүмкіндіктерін қамтуды талап етеді.

2. **Оқытудың бірыңғай мазмұнды және процессуал жағы принципі** білім беру мазмұнын таңдауда бір жақты пәндік-ғылыми бағытты қабылдамайды. Ол білім беру мазмұны онсыз болмайтын анық оқу процесін амалға асырумен байланысты болған педагогикалық шындықты есепке алдуы ұйғарады. Бұл жалпы орта білім беру мазмұнын жобалауда білімді берудің және меңгерудің принциптері мен технологияларын, меңгеру дәрежесі және онымен байланысты әрекеттерді есепке алу қажеттігін көрсетеді.

3. **Білім беру мазмұнының құрылымдық бірлігі принципі** оны қалыптастырудың түрлі деңгейлерінде теориялық түсініктер, оқу предметі, оқу материалы, педагогикалық қызмет, оқушының жеке басы сияқты құрамдас бөліктердің өзара үйлесуін ұйғарады.

4. **Жалпы білім беру мазмұнын гуманитаризациялау принципі,** ең алдымен, оқушылардың жалпыадамзаттық мәдениетті белсенді түрде творчестволық және практикалық жағынан меңгеруіне жағдай жасаумен байланысты. Мұның үшін гуманитар мәдениет жалпы білім беру мазмұны мен барлық оқу предметтеріне арқау болу керек. Бұл гуманитар және табиғи-ғылыми пәндер арасындағы өзара қатынас пен өзара әрекет принциптеріне жеке адамға бағытталған негіздегі өзгеріс енгізуді талап етеді.

5. **Жалпы білім беру мазмұнын фундаментализациялау принципі** білім беру мазмұнын дегуманизациялауды жеңуге мүмкіндік береді. Ол гуманитар және табиғи-ғылыми білімдердің бірізділік пен пәнаралық байланыс орнатқан интеграцияны, оқушылардың танымдық және практикалық қайта құрылған қызметі методологиясының мәнін саналы түрде түсінуіне сүйенуді талап етеді.

Жалпы білім беру мазмұнын фундаментализациялау оқыту процесін интенсификациялау және гуминазациялауды міндеттейді. Нәтижетде оқушылар

шамадан артық оқу ақпараттарынан құтылады және өзін-өзі творчестволық жағынан дамытуға мүмкіндік алады.

6. **Жалпы білім беру мазмұны негізгі компоненттерінің жеке адамның базалық мәдениет құрылымына сай болу принципі** гуманитаризациялау және фундаментализациялау принципінен келіп шыққан. И.Я. Лернер мен М.Н.Скаткин концепциясына сүйенсек, *ол жеке адамның когнитивті тәжірибесі, практикалық қызмет тәжірибесі, жеке адам творчествосының тәжірибесі мен қарым-қатынас тәжірибесі* ретінде көрініс табады.

Жоғарыда көрсетілген жалпы білім беру мазмұнын қалыптастыру принциптері білім берудің мазмұнын таңдап алу **критерийлерін** белгілейді. Олар төмендегілер:

- білім беру мазмұнының жеке адамды жан-жақты дамыту міндеттері мен оның базалық мәдениетін қалыптастыру мазмұнында тұтас бейнелеуі;
- білім беру мазмұнының ғылыми және практикалық мәнділігі;
- білім беру мазмұндағы күрделілік оқушының іс жүзіндегі оқу мүмкіндіктеріне сай болуы;
- білім беру мазмұнына бөлінген уақыт көлемінің оны үйренуге бөлінген уақытпен сай болуы;
- қазіргі заман мектептерінің оқу-методикалық және материалдық базасының білім беру мазмұнына сай болуы;
- жалпы білім беру мазмұнын құруда халықаралық тәжірибелерді есепке алуы.

4.

Білім берудің мазмұны **нормативті құжаттар –** оқу жоспары, оқу бағдарламасы және оқулықтарда көрсетілген.

Оқу жоспары – Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі мен Жоғары және орта арнаулы білім беру Уәзірлігі бекіткен оқу орнының сертификаты.

Оқу жоспарында:

– оқу жылының басталуы мен соңы, ширектер(семестрлер) мен каникулдардың мерзімі;

– осы оқу орнында өтілуі керек болған пәндердің толық тізімі;

– әр оқу жылдары бойынша осы оқу пәндерінің өтілу тәртібі мен реті;

– бір оқу жылында өтілетін әрбір пәннің сағат саны;

– әр жетіде әр пәнге бөлінетін сағаттардың мөлшері;

– практикумдардың құрылымы мен мерзімі

белгіленеді.

Жалпы білім беру тәжірибесінде оқу жоспарларының бірнеше типтері пайдаланылады: тірек, үлгілі және мектеп оқу жоспары.

Жалпы орта және орта арнаулы білім беретін оқу орындарының ***тірек оқу жоспары*** – бұл сол білім беру деңгейінің мемлекеттік стандартының құрамдас бөлігі болған негізгі мемлекеттік нормативті құжат. Ол үлгілі және жұмыстық оқу жоспарларын істеп шығу үшін негіз болады және мектепті

қаржыландырудың негізгі құжаты есептелінеді. Тірек оқу жоспарын Өзбекстан Республикасының Уәзірлер Мекемесі бекітеді.

Үгілі оқу жоспары тірек оқу жоспары негізіндетүзіледі және Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру Уәзірлігі мен Жоғары және орта арнаулы білім беру Уәзірлігі тарабынан бекітіледі. Бұл жоспар негізінде барлық жағдайларды ескеріп ***жұмыстық оқу жоспары*** түзіледі. Бұл жоспарды мектептің (лицей, коллеж) педагогикалық кеңесі бекітеді.

Оқу жоспары негізінде оқу бағдарламасы (программасы) түзіледі. **Оқу бағдарламасы** – оқу пәні бойынша білім, дағды және іскерліктер мазмұны, оқу жылдары бойынша программа материалдарының өтілуі, тақырыптардың сағаттары белгіленген нормативті құжат. Оқу бағдарламасы оқылатын пән-дер бойынша жеке жасалынады. Онда:

– пәнді оқытудың мақсаты және оқушылардың білімі мен іскерлігіне қойылатын талаптар бойынша түсінік хат жазылады;

– оқыту формасы мен методтары ұсынылады;

– оқылатын материалдар жылға бөлініп, сағаттары көрсетілді;

– оқылатын материалдың тақырыптық мазмұны анықталады;

– пән бойынша сыныптан тыс жұмыстар, оған әдебиет тізімі ұсынылады.

Оқу бағдарламасы үлгілі, жұмыстық, авторлық болуы мүмкін.

Үлгілі оқу бағдарламасы белгілі бір білім беру саласы үшін мемлекеттік білім беру стандарттары негізінде жасалынады. Үлгілі оқу бағдарламасы Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру Уәзірлігі мен Жоғары және орта арнаулы білім беру Уәзірлігі тарабынан бекітіледі. Ол нұсқау беру сипа-тына ие.

Үлгілі оқу бағдарламасы негізінде ***жұмыстық оқу бағдарламалары*** түзіледі және ол оқу орнының педагогикалық кеңесі тарабынан бекітіледі. Жұмыстық оқу бағдарламасын түзуде оқу орнының методикалық және техникалық мүмкіндіктері, оқушылардың дайындық деңгейі, жергілікті ерекшеліктер, мектептің спецификасы ескеріледі.

Авторлық оқу бағдарламасы тәжірибелі педагогтар тарабынан түзіліп, онда пәнді оқытудың авторлық методикасы беріледі.

Білім беру мазмұны мен оқу бағдарламасын жобалау **оқу әдебиеттерінде** көрініс табады.Оқу әдебиеттеріне оқулық пен оқу құралдары жатады.

Оқулық – программа мен дидактиканың талаптарына сай ғылыми-теориялық жағынан ұстамды құрылған, оқу пәнінің мазмұнын бірізді баяндайтын кітап. Оқулық балалар үшін қызықты әрі түсінікті жазылуы керек.

Оқулықтар әдетте бөлімдерге, тараулар мен параграфтарға бөлінеді. Мектеп оқулықтары жақсы көркемделіп, әшекейлі көріністермен қамтамасыз етіледі, анық әріптермен басылады. Қорытындылар мен анықтамалар ерекшеленіп көрсетіледі.

Оқулық бойынша оқушылар сабақта хабарланған және түсіндірілгендерді оқиды және қайталайды, бекітеді. Білімдер, іскеліктер және дағдылардың саналы, тиянақты, әсерлі болуы оқулықтардың сапасына байланысты.

Оқулықтағы оқу материалын тез, толық және терең меңгеру үшін қосымша **оқу құралдары** жасалынады. Олар: хрестоматиялар, есептер жинағы, жаттығулар кітаптары, анықтамалар, карталар, глобустар т.б.

5.

Стандарт –ағылшын сөзі – **үлгі, эталон,** деген мағынаны береді.

Білім берудің мемлекеттік стандарты түсінігі Өзбекстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін енгізілді. Білім берудің мемлекеттік стандарты Өзбекстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (1997 ж.) және «Кадрлар даярлаудың ұлттық программасына», сондай-ақ басқа да мемлекеттің білім беру туралы нормативті құжаттарына негізделіп жасалынған.

Мемлекеттік білім беру стандарты – білім беру мазмұны мен сапасына қойылатын талаптарды белгілейтін нормативті құжат.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты оқушылардың жалпы білімділік дайындығына, деңгейіне қойылатын міндетті минимал дәрежені белгілеп береді.

Білім берудің мемлекеттік стандарты білім берудің мазмұнын, формасын, тәсілдерін, әдістерін және оның сапасына қойылатын бағаның тәртібін анықтайды. Оқыту мазмұнының өзегі есептелген стандартты қолдау арқылы мемлекет территориясында жұмыс істейтін әртүрлі мекмелерде (мемлекет-тік, мемлкеттік болмаған) білім берудің бірқалыпты дәрежесін қамтамасыз ету шарты жүзеге асырылады. Стандарт негізінде оқу жоспары, оқулық және оқу құралары түзіледі.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік білім стандарты өзінің құрылымы және мазмұнына қарай мемлекет, аймақ, мектеп мүддесі және жабдықтары бірлігін көрсетеді және ең негізгісі оқушы тұлғасы, оның әрекеттері, қабілеті және қызығуларының бірінші тұруынан келіп шығады.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты оқушы білімінің, іскерлігінің және дағдысының сапасына болған талаптың ең төменгі (минимум) дәрежесін анықтайды. Өзбекстан Республикасындағы мемлекеттік яки мемлекеттік болмаған оқу орындарының барлығы білім берудің мемлекеттік стандартын орындауы міндетті.

Бақылау сұрақтары:

1. Білім берудің мазмұны дегеніміз не?
2. Қазіргі кезеңде білім берудің мазмұны қандай идеяларға сүйенеді?
3. Оқу жоспары дегеніміз не?
4. Оқу програмасына сипаттамабер.
5. Оқулыққа қойылатын талаптар. Альтернатив оқулық дегеніміз не?
6. Оқу құралдары не үшін қажет?
7. Білім берудің мемлекеттік стандарты дегеніміз не?
8. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты нені анықтайды?


1-қосымша

ИНСЕРТ әдісін қолдана отырып жұмыс істеу.

1. Берілген мәтінді оқыңыз:
   1. ***Білім мазмұны.***
   2. ***Білім берудің мазмұны.***
   3. ***Білім беру мазмұнын анықтаушы негізгі факторлар.***
   4. ***Білім берудің мазмұнын анықтау идеялары.***
   5. ***Білім берудің мазмұнын таңдап алу критерийлері.***
   6. ***Оқу жоспары.***
   7. ***Оқу бағдарламасы.***
   8. ***Оқулықтар.***
   9. ***Білім берудің мемлекеттік стандарты.***

2. Қаламмен белгілей отырып, қабылданған ақпаратты жүйелеңіз:
«V» - (мен) – білетін ақпарат.
«-» - (минус) – қабылданған білімдерге қарама-қарсы ақпарат.
«+» - (плюс) – жаңа ұғым.
«?» - (сұрақ) – түсініксіз, толықтыруды талап ететін ақпарат.


1-слайд



2-слайд



3-слайд



4-слайд

Қазіргі дәуірде Өзбекстан Республикасында білім берудің мазмұнын анықтау идеялары:

- гуманизациялау;
- дифференциялау;
- интеграциялау;
- стандарттау;
- көп басқыштыққа негізделу;
- іскерлік;
- ақпараттандыру;
- жекелеу (индивидуализациялау);
- үздіксіздік.

5-слайд

Педагогика теориясында жалпы білім беру мазмұнын қалыптастыру принциптері мынадай:

- 1. Білім беру мазмұны барлық элементтері мен барлық дәрежелерін құрастыруда қоғам, ғылым, мәдениет және жеке адам дамуының талаптарына сай болу принципі.
- 2. Оқытудың бірыңғай мазмұнды және процессуал жағы принципі.
- 3. Білім беру мазмұнының құрылымдық бірлігі принципі.
- 4. Жалпы білім беру мазмұнын гуманитаризациялау принципі.
- 5. Жалпы білім беру мазмұнын фундаментализациялау принципі.
- 6. Жалпы білім беру мазмұны негізгі компоненттерінің жеке адамның базалық мәдениет құрылымына сай болу принципі.

6-слайд

Білім берудің мазмұнын таңдап алу **критерийлері** :

- - білім беру мазмұнының жеке адамды жан-жақты дамыту міндеттері мен оның базалық мәдениетін қалыптастыру мазмұнында тұтас бейнелеуі;
- - білім беру мазмұнының ғылыми және практикалық мәнділігі;
- - білім беру мазмұнындағы күрделілік оқушының іс жүзіндегі оқу мүмкіндіктеріне сай болуы;
- - білім беру мазмұнына бөлінген уақыт көлемінің оны үйренуге бөлінген уақыппен сай болуы;
- - қазіргі заман мектептерінің оқу-методикалық және материалдық базасының білім беру мазмұнына сай болуы;
- - жалпы білім беру мазмұнын құруда халықаралық тәжірибелерді есепке алуы.

7-слайд

Оқу жоспары

- **Оқу жоспары** – Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі мен Жоғары және орта арнаулы білім беру Уәзірлігі бекіткен оқу орнының сертификаты.

8-слайд

Оқу жоспарының түрлері:

- ***Тірек оқу жоспары*** – бұл сол білім беру деңгейінің мемлекеттік стандартының құрамдас бөлігі болған негізгі мемлекеттік нормативті құжат.
- ***Үлгілік оқу жоспары*** тірек оқу жоспары негізінде түзіледі және Өзбекстан Республиксы Халыққа білім беру Уәзірлігі мен Жоғары және орта арнаулы білім беру Уәзірлігі тарабынан бекітіледі.
- Бұл жоспар негізінде барлық жағдайларды ескеріп ***жұмыстық оқу жоспары*** түзіледі. Бұл жоспарды мектептің (лицей, коллеж) педагогикалық кеңесі бекітеді.

9-слайд

Умумий ўрта таълим мактабларининг I-XI синфлари учун 2018-2019 ўқув йилига мўлжалланган таянч ўқув режа

(Ўзбекистон Республикаси Халқ таълими вазирининг 2018 йил 27-июлдаги 191-сонли буйруғига 1-илова)

т/р	Фан йўналишлари ва ўқув фанлари	Синфлар ва ҳафталик ўқув соатлари											Ҳафталик умумий соат
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	
I.	Филология фанлари	10	12	14	14	14	12	10	10	10	7,5	9	122,5
1.1.	Она тили ва адабиёт	8	8	10	10	9	7	5	5	5	2,5	4	73,5
1.2.	Ўзбек тили/рус тили		2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	20
1.3.	Чет тили	2	2	2	2	3	3	3	3	3	3	3	29
II.	Ижтимоий фанлар	1	1	1	1	3	3	4	5	6	4,5	4,5	34
2.1.	Тарих					2	2	3	3	3	2	2	17
2.2.	Дунё динлари тарихи									1	1	1	3
2.3.	Давлат ва ҳуқуқ асослари								1	1	1	1	4
2.4.	Одобнома	1	1	1	1								4
	Ватан туйғуси					1	1						2
	Миллий истиқлол ғояси ва маънавият асослари							1	1	1	0,5	0,5	4
III.	Аниқ фанлар	5	5	5	5	5,5	5,5	5,5	6	7	6	6	61,5
3.1.	Математика	5	5	5	5	5	5	5	5	5	4	5	54
3.2.	Информатика ва ахборот технологиялари					0,5	0,5	0,5	1	2	2	1	7,5
IV.	Табиий ва ижтимоий фанлар	1	1	1	1	2	6	8	9	9	7	8	53
4.1.	Физика ва астрономия						2	2	2	2	2	3	13
4.2.	Кимё							2	2	2	2	2	10
4.3.	Биология					1	2	2	2	2	2	2	13
4.4.	Табиият ва география	1	1	1	1	1	2	2	2	2	1		14
4.5.	Ижтимоий билим асослари								1	1			2
4.6.	Тадбиркорлик асослари											1	1
V.	Амалий фанлар	5	5	5	5	6	6	6	4	4	4	2,5	52,5
5.1.	Мусиқа маданияти	1	1	1	1	1	1	1					7
5.2.	Тасвирий санъат ва чизмачилик	1	1	1	1	1	1	1	1	1			9
5.3.	Технология	1	1	1	1	2	2	2	1	1			12
5.4.	Жисмоний тарбия	2	2	2	2	2	2	2	2	2	2	1	21
5.5.	Чизмачилик ишлар бошланғич тайёргарлик										2	1,5	3,5
VI.	Касбий таълим										6	6	12
	Мактаб ихтиёридаги соатлар	0,5						0,5	0,5	1	1		3,5
	Умумий соатлар	22,5	24	26	26	30,5	32,5	34	34,5	37	36	36	339

10-слайд

Оқу программасы

- **Оқу программасы** – оқу пәні бойынша білім, дағды және іскерліктер мазмұны, оқу жылдары бойынша программа материалдарының өтілуі, тақырыптардың сағаттары белгіленген нормативті құжат.
- ***Үлгілік оқу программасы*** белгілі бір білім беру саласы үшін мемлекеттік білім беру стандарттары негізінде жасалынады. Үлгілі оқу бағдарламасы Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру Уәзірлігі мен Жоғары және орта арнаулы білім беру Уәзірлігі тарабынан бекітіледі.
- Үлгілі оқу программасы негізінде ***жұмыстық оқу программалары*** түзіледі және ол оқу орнының педагогикалық кеңесі тарабынан бекітіледі.
- ***Авторлық оқу программасы*** тәжірибелі педагогтар тарабынан түзіліп, онда пәнді оқытудың авторлық методикасы беріледі.

11-слайд


Оқу программасы

- **Оқу программасы** – оқу пәні бойынша білім, дағды және іскерліктер мазмұны, оқу жылдары бойынша программа материалдарының өтілуі, тақырыптардың сағаттары белгіленген нормативті құжат.
- ***Үлгілік оқу программасы*** белгілі бір білім беру саласы үшін мемлекеттік білім беру стандарттары негізінде жасалынады. Үлгілі оқу бағдарламасы Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру Уәзірлігі мен Жоғары және орта арнаулы білім беру Уәзірлігі тарабынан бекітіледі.
- Үлгілі оқу программасы негізінде ***жұмыстық оқу программалары*** түзіледі және ол оқу орнының педагогикалық кеңесі тарабынан бекітіледі.
- ***Авторлық оқу программасы*** тәжірибелі педагогтар тарабынан түзіліп, онда пәнді оқытудың авторлық методикасы беріледі.

12-слайд

Үлгілік және жұмыстық оқу программалары






13-слайд

Оқулық

- **Оқулық** – программа мен дидактиканың талаптарына сай ғылыми-теориялық жағынан ұстамды құрылған, оқу пәнінің мазмұнын бірізді баяндайтын кітап.
- Оқулықтағы оқу материалын тез, толық және терең меңгеру үшін қосымша **оқу құралдары** жасалынады. Олар: хрестоматиялар, есептер жинағы, жаттығулар кітаптары, анықтамалар, карталар, глобустар т.б.

14-слайд



15-слайд

Мемлекеттік білім беру стандарты

- **Мемлекеттік білім беру стандарты** – білім беру мазмұны мен сапасына қойылатын талаптарды белгілейтін нормативті құжат.
- **Жалпы орта білім берудің мемлекеттік стандарты** оқушылардың жалпы білімділік дайындығына, деңгейіне қойылатын міндетті минимал дәрежені белгілеп береді

2-қосымша

Б/Б/Б таблицасы – Білемін/ Білмекшімін/ Біліп алдым. Тақырып, мәтін, бөлім бойынша ізденушілікті алып баруға мүмкіндік береді. Жүйелі пікірлеу, жүйеге түсіру, талдау дағдыларын дамытады.

Талаптар:

1. Оқытушы таблицаны түзу ережесімен таныстырады.
2. Студенттер «Тақырып бойынша не білесің?» және «Нені білуді қалайсың?» деген сұрақтарға жауап береді. Таблицаның 1 және 2 бөлімдерін толтырады.
3. Студенттер лекцияны тыңдайды.
4. Лекция соңында студенттер таблицаның 3-бөлімін толтырады

«Б-Б-Б» ТАБЛИЦАСЫ

Білемін	Білмекшімін	Біліп алдым